

Мектепке дейінгі мекемелердегі мектепалды даярлық топтары арасында баланын ертегілерді оқуға қызығушылығын арттырып, ертегілер білгірін анықтау мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы II калалық «Ертегілер білгірі» интеллектуалдық олимпиадасын ұйымдастырды.

Олимпиада 2018 жылғы сәуір айының 26 күні №76 «Әдемі» балабақшасында мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқып жатқан мектепке дейінгі білім беру мекемелері үшін өткізілді (барлығы 35 тәрбиеленуші қатысты), ал 27 күні орыс тілінде тәрбиеленіп, оқып жатқан мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне №93 «Айголек» балабақшасында ұйымдастырылады.

Тапсырмаларды дайындаудың жалпы концепциясы:

- Олимпиада тапсырмаларының мазмұны «Біз мектепке барамыз» бағдарламасында ұсынылатын көркем әдебиет шығармаларын, сонымен қатар МААМ.RU халықаралық білім порталы мен www.balakai.kz сайтына қамтылды.

- Қатысушылар оқылған ертегілер бойынша 3 бөлімнен тұратын тапсырмаларды орындады:

«Сикырлы қобдиша»

Сикырлы қобдишаға ертегілерден алынған заттардың суреті салынады.

Бұл заттар қай ертегіде бар екендігін табулары керек.

«Ертегілік фразалар »

Ертегіден алынған сойлемнің басы беріледі, ал сонын берілген нұсқадан тауып аяқтаулары қажет.

Викторина (жауаптар нұсқасы берілген сұрақтар)

Олимпиада тапсырмалары алдынала оқып шығуға ұсынылған ертегілердің мазмұнында дайындалды.

Қатысушыларға сертификаттар тапсырылды.

Олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпазға Бас жүлде «Ертегілер білгірі» кубогы және Бас жүлде дипломы, жүлдегерлерге I, II, III орын дипломдары және ерекше белсенділік танытқандарға Грамоталар табысталды.

Тәрбиеленушілердің орындаған тапсырмаларын бағалап, жинаған балл санына сәйкес орындар тағайындалды (**қазақ тілінде оқып тәрбиеленуші топтар**):

Бас жүлде – 1 (№34 «Ақ қайын» б/б)

I орын – 4 (№19 «Балбобек», №32 «Балдәурен», №65 «Бал бала», №93 «Айголек»)

II орын – 7 (№21 «Гүлдер», №30 «Қайнар», №38 «Шаттық», №53 «Мерей», №57 «Салтанат», №76 «Әдемі», №90 «Еркежан»)

III орын – 8 (№8 «Думан», №22 «Өлем», №48 «Ақ қогершін», №60 «Арай», №62 «Нұрсәуле», №84 «Қаусар», №71 «Молдір», №56 «Береке»)

Авторлар: Daryn

02.05.2018 09:47 - Жанартылған 02.05.2018 09:48

Грамота – 6 (№1 «Бәйтерек», №18 «Аяжан», №40 «Күлпынай», №41 «Балдырган», №61 «Шолпан», №74 «Дәурен»).

